

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жумагелдин Жанайдар Шаймерденұлы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Әдебиет–тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үлгілері – мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол – ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.

Отбасылық ғұрып фольклоры – адамның туу – ер жету - өлу цикліне жататын ғұрыптарға байланысты туып қалыптасқан, адамның пәни мен бақиға деген дәстүрлі дүниетанымы мен ішкі сезім сырын жырлайтын, өзіндік қалыптасқан поэтикалық жүйесі бар шығармалар шоғыры. Елдің тұрмыс – салтымен біте қайнасқан, адам ғұмырының кезеңдеріне байланысты ғұрыптармен бірге өріліп, оның ішкі ділін сөз өрнегіне сіңірген шығармаларда халықтың адамзат ғұмырына қатысты дүниетанымы, қуанышы мен мұң-шері, арман аңсары, мұрат-мүддесі жырланады. Ол – елдің әдет-ғұрып, салт – дәстүріне қатысты тұрмыстық мазмұн мен көңіл терберлік лирикалық сезім күйлері қатар тартылып отыратын поэтикалық құрылымы күрделі жанр. Отбасылық ғұрып фольклорын ішкі жанрлық түрлерге саралауға болады:

1.Әлпештеу фольклоры: Бесік жыры, сәбилік салт жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарту жырлары;

2. Үйлену фольклоры: Той бастары, жар-жар, сынсу, аушадияр, беташар, неке қияр.

3.Азалау фольклоры: Арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау.

Қазақ фольклорын жанрлық түрлерге жіктеу тәжірибесіне сүйене отырып, бүгінгі фольклортану тұрғысынан қарастырғанда отбасылық ғұрып фольклорының ішкі жанрлық сарасы осы жүйеге келіп сарқады. Бұл - фольклорлық шығармаларды отбасылық ғұрыптық кешеніне айналған тарау-тарау ішкі жанрлық түрлерден құралған тұтас көркемдік жүйесі бар, қазақ фольклорының жеке арнасы ретінде қарастырудың бір қадамы.

Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, такпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді, ойды дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық ғаламат туындылар. Бұл – халық педагогикасының үлкен бір саласы. Жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасында жатыр. Халық педагогикасының бұл саласын этнопедагогиканың және жалпы педагогиканың барлық салаларында ғылыми, іс-әрекеттік негізде пайдалануға болады. Ал, халықтың мақал-мәтелдері педагогикамен қатар, философиялық дәрістердің түсініктемелеріне арқау бола алады.

«Халық мұрасы танымдық, тәрбиелік мәні шексіз, шектеусіз терең дүние. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, сәбидің жан-дүниесінің

қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ішінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан. Сәбилер дүниетанымы ес біле бастағаннан-ақ екі түрлі негізге сүйенеді. Оның алғашқысы – машықтық дағды, яғни көрген-білгенін тез қағып алып үйрене қайталау. Екіншіден, бала жан дүниесі сезімге ерекше бай, әсерленгіш келеді. Бұл, әсіресе, жеткіншектік жаста ерекше көрінеді. Баланың айналасын танып білудегі бұл ерекшелігін жетінші қарасөзінде ұлы Абай да тап басып көрсетеді», - дейді Ш.Ахметов[1, 228-б].

Сонымен, балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен бағалы.

Фольклорист ғалым С.Қасқабасов: «...«Балалар фольклоры» деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Олардың ішінде қара сөз түріндегі шығармалар да, үлкенді-кішілі түрлі мақсатпен айтылатын өлең-жырлар да бар. Бұған қоса ойынға байланысты және ертегі, аңыз-әңгімелерде жиі кездесетін ырғақты прозаның да балалар фольклорынан алатын орны ерекше. Дегенмен, ауыз әдебиеті үлгілерінің кез келгенін, мәселен, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді балаларға лайықты іріктеп, өңдеп жариялауға болғанымен, олардың барлығын «балалар фольклоры» деген ұғымға толығымен жатқызуға болмайды»[2, 16-б]. Дегенмен, ауыз әдебиетінің кез келген жанрларынан балаларға үлгі боларлықтай, тәрбиелік маңызы зор шығармаларды көптеп кездестіреміз. Бірақ олар балалардың өзіне ғана арналған, болмаса балалардың өз творчествосының нәтижесінде пайда болған ауызша сөз өнерінің белгілерін сипаттай алмайды. Ал, ертегі, аңыз-әңгімелер, төрт түлік жырларының, жұмбақтардың үлкендерге де, балаларға да қатысы бар.

М.Ғабдуллин «Қазақ ауыз әдебиеті» оқулығында ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық түрлеріне сипаттама береді. Ш.Ахметов «балалар фольклоры» терминін өз еңбегінде алғаш қолданып, түсініктеме береді. Балалар фольклорының ішкі жанрлық түрлерін өзгеше саралайды. Б.Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясында балалар өлеңдеріне жеке бөлім арнаса, «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» кітабында оның түркі тектес халықтар фольклорымен ортақ желілеріне тоқталады. «Балалар фольклорының өзіне тән бірнеше ерекшеліктері бар. Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан-салалы, соған лайықты олардың атқаратын қызметі де түрліше. Зерттеу еңбектерінде дәстүр бойынша оларды шығу, орындау ерекшеліктеріне қарай үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ, негізінен, балалардың репертуарында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екі салаға жіктеу қалыптасқан», — дейді[3, 386-б].

Қазақ балалар фольклорын саралап жіктейтін болсақ, олардың ішінде кейбір жанрлардың үлкендерге де, балаларға да ортақ екендігін көреміз. Олар: ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары т.б. Алайда осы

жанрларға жататын көркем шығармалардың мазмұны, түр-сипаты, ішкі табиғаты бірдей емес. Олардың ішінде балалар айтатын, өздеріне ғана лайықты өлең-жырлар бар. Мысалы:

Қой баласы – қоңырым,
Қойдан жуас момыным,
Шопан ата түлігі –
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт!

Төлді қалай шақыру, малдың баласын сүюі, бөбектің төрт түлікке айтқан тілегі, қой мен ешкінің айтысы, сондай-ақ шешілуі оңай, құрылысы қарапайым жұмбақтар, ұғымға жеңіл өтірік өлеңдер, бұлардың қай-қайсысы да балалар репертуарында молынан сақталған. Бұл жырларды алғашқы шығарушылары ересек адамдар болуы әбден ықтимал. Балалар фольклорын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, балдырғандарға үйретіп отыратын да негізінен үлкендер болса керек. Демек, үлкендер мен балалар творчествосының тығыз қарым-қатынаста болуы, ауыс-түйіс ортақ шығармалардың екеуінде де ұшырасуы заңды. Алайда ауызша ұжымдық творчествоның ерекшелігі сонда, олар көпшіліктің талап-тілегіне лайықты ұзақ сүзгіден өтіп, өңделіп, түрлі сыннан өткен дәстүрлі қалыпқа түспейінше толық мағынасындағы фольклорлық шығарма бола алмайды.

Іс-әрекет, ойыннан, түрлі көне түсініктерден, ырым мен салттан, қарапайым әуендерден, жан-жануарлардың даусы мен қимылына еліктеуден қарасын үзіп толығымен ажырап кетпегендігін байқаймыз. Бұл, сөз жоқ, балалар поэзиясының көп қырлы, ертеректегі синкретті белгісін айғақтайт. Осы тұрғыдан келгенде балалар фольклоры да о баста кім шығарғанына, қалай пайда болғанына қарамастан балалар коллективінің өзіндік сүзгісінен өтеді. Өз ұғымдарына, түсініктеріне, тіл оралымына, іс-әрекеттеріне сәйкес емес туындылар көпшілік тарапынан қабылданбайды. Ал қабылданған жағдайда балалар творчествосының дәстүріне лайықты іс жүзінде өзгеріп, өңделеді. Оралымсыз тіркестер, ұғымға ауыр шумақтар ұмытылады. Осы тұста бір ескеретін жағдай — балалар фольклорының кейбір үлгілерінде мазмұнға жеткілікті мән беріле бермейді. Ұйқасы оңай, ойнақы болса, әсіресе, түрлі іс-әрекеттерге айтылуы сәйкес келсе, ондай өлеңдер көбірек қолдау табады. Осындай өзгешелікті біз әсіресе ойын өлеңдерінен анық көреміз.

Бесік жырларын көпке дейін фольклоршылар тұрмыс-салт жырларының арнасында қарастырып келеді. Оның өзіндік себебі де бар-ды. Өйткені балалар фольклоры деген ұғымның өзі фольклортану ғылымында Г.С.Виноградовтың еңбектерінің нәтижесінде ғана бертінде, тек 1930-жылдар ішінде қалыптасты. Және оған тек балалар репертуарындағы шығармалар жатқызылып келді. Мұндай пікірді жақтаушылар бертінге дейін болды. Дегенмен, соңғы кезеңде бесік жырын балалар фольклорының құрамында қарастыру берік орын теуіп, жүйелі зерттеулер жүргізіліп жүр. Ол ойды алғаш қозғаған ғалым ұстамға қиғаш келіп, оғаш көрінетін белгі жоқ. Себебі зерттеушілердің көбі бесік жырын ересектер фольклорына жатқызғанда оның кімге арналғандығын, атқаратын қызметін емес, кімдер туғызып, кімдер орындайтындығын баса

ескеріп жүр. Ал біздіңше, бесік жырларының бүкіл поэтикалық құрылымының бүлдіршіндер табиғатына лайықталғандығын, алғашқы кезде бөбек құлағына сөз бен саздың нәрін сіңіріп, таза тәрбиелік қызмет атқаратындығын назарда берік ұстаған жөн. Сондықтан да оны балалар фольклорындағы іргелі жанрлық түрлердің бірі ретінде қарастыруға әбден болады.

Қазақтың отбасылық ғұрып фольклорынан өзінше ерекше орын алатын бала тәрбиесінің бал-бұлағындай таза да, мөлдір мұраның бірі — әлпештеу фольклоры. Оның табиғатынан көне наным-сенімдерімен астасып жатқан ежелгі дүниетаным сілемдерін тереңірек тануға болады. Әлпештеу жырлары — жалпы фольклор поэтикасымен астасып жатқан аса күрделі көркемдік әлем. Оның ғұрыптық фольклорға тән, алдымен көзге түсетін көрнекті сипатының бірі — халық этнографиясымен тығыз байланысып жататындығы. Сондықтан отбасылық ғұрып фольклорының көркемдік әлемін саралау — оның көркемдік әлемінің ерекшеліктерін қалыптастыруға қызмет етеді. Фольклорлық мәтіндер мен этнографиялық ортақ тұстарды салыстыра отырып, отбасылық ғұрып жырларындағы бірқатар мотивтер мен формулалардың, құбылтулар мен троптардың, қайталаулардың ғұрыптық рәсімдерден бастау алатындығын аңдауға болады. Әлпештеу жырларының поэтикасының ең басты, өзекті сипаты оның өмірлік шындықты бейнелеуіндегі көркемдік тәсілдерінде. Поэтикалық құрылымы жеклеген дыбыстардан бастап, қайталанып келетін тармақтар топтамасына дейінгі түрлі сипатта кездесетін дәстүрлі формалардан тұрады. Олардың қатарына тұрақты эпитеттерді, теңеулер мен құбылту түрлерін, қайталама үзіктерді атауға болады. Халық санасының ұжымдық жемісі болғандықтан да, бесік жырында ел тұрмысының көріністері мол-ақ. Ондағы, «жілік шағып берейін», «байқұтанның құйрығын жіпке тағып берейін», «қой тоқтысын сой, бөпем», «қуырдағына той, бөпем», «үстіне тоқым жабайын, астына терлік салайын», «быламыққа май құйып, төңкерме қып берейін» т.б. толып жатқан этнографиялық өрнектер мен баланы жақсы көру, еркелету, айналып толғануға байланысты айтылатын не түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыстың иісі аңқып тұрады. «Қозы жүнді көрпешім», «Қойдың жүні қалпағым», «Көлге біткен құрағым», «Жапанға біткен терегім», «жағамдағы құндызым», «Әуедегі жұлдызым», «Әлди-әлди тайлағым, өрістегі шандағым», «Құлын-тайым», «Серке балам», «От басындағы ойнағым, сүт бетіндегі қаймағым», «Алты» қарын майымыз, жеті қарын жентіміз тәрізді айшықты сөздер төрт түліктің еті мен сүтін тамақ, жүні мен терісін киім етіп, ең табиғатты кең жайлап аңшылық, саятшылық құрған туған өрнектер.

Қорыта айтқанда, ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлі ғұрыптар мен ұғымдардың, тарихи оқиғалар мен кезеңдік ақыл-ойдың ізі де әлпештеу жырларында жатыр. Бұл жырлар бала тәрбиелеу ісіндегі ғұрыптық рәсімдерді сүйемелдеп отыратын қолданбалы сипаттағы мұра ғана емес, ең бастысы ол жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруды мұрат тұтатын, бала көкірегіне көркемдік нәр сіңіріп, қиялына қанат бітіріп, өнер тылсымына жетелейтін эстетикалық категория. Онда поэзияның шарттарына лайық кемел көркемдік болмағанмен, бала санасына, сәби жанына лайық тәрбие өскінін себетін халықтық педагогика нәрі мол.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1.Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі.- Алматы: 1965.
- 2.Қасқабасов С. Қазақ фольклоры мен әдебиетінің тарихы. Қазақ ССР ҒА Хабарлары, Тіл, әдебиет сериясы, 1988. №7.
- 3.Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. -Алматы: Жазушы,1974
- 4.Әбілқасымов Б. «Фольклор», «Ауыз әдебиеті» ұғымдары туралы, Фольклор шындығы. – Алматы: Жазушы, 1990.

Репозиторий Қарғу

Тіркеу

Аты-жөні: Жумагелдин Жанайдар Шаймерденұлы.

Қызметі: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, аға оқытушы.

Ғылыми дәрежесі: Филология магистрі.

Бағыты: Фольклорлық шығарма поэтикасы.

Байланыс телефоны: 87009186379, 87754463532.

Email: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru

Репозиторий Қарғу